

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күші жойғал*

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімінің 2017 жылғы 26 наурыздағы N 2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 наурызда N 5769 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімінің 25.04.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес Қазалы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы Қазалы ауданының Басықара, Құмжиек және Сарыкөл ауылдық округтерінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Ж.Мұратбаев тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н.ШАМУРАТОВ